



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



**Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі проблемалар қарастырылды.**

Отырыс барысында елдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтуға қатысты бірқатар мәселе талқыланды.

Жиынның күн тәртібіне сәйкес Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин сөз сөйледі. Сондай-ақ қабылданған және жоспарланған шаралар туралы бірқатар уәкілетті мемлекеттік орган басшылары есеп берді.

Талқылау нәтижесі бойынша Мемлекет басшысы халықты қолжетімді әрі сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін негізгі басымдық ретінде атап өтті.

Азық-түлік тауарларын өндіру мен сатудың барлық сатысында баға белгілеудің ашық болуы, өнімсіз деп-далдармен күрес жүргізудің маңызды екеніне назар аударылды.

Демографиялық үрдістерді ескере отырып, азық-түліктің физикалық тұрғыда қолжетімділігінің перспективалары еңбек өнімділігінің өсуіне, ауыл шаруашылығы мен отандық аграрлық ғылымның жаңғыруына тікелей байланысты екені атап өтілді.

Жерді тозудан қорғау шараларын жандандыру өзекті мәселе болып отыр. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту процесін жүйелі түрде ұйымдастыру және жергілікті жағдайға бейімделген меншікті тұқым қорын құру үшін жаңа тәсілдер қажет.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін мемлекеттік

қолдау шараларына ерекше назар аударылды.

**Субсидиялау агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділікті арттыруға ықпал етуге тиіс. Субсидияны бөлу кезінде өңірлік ерекшеліктерді, егіс алқаптарының көлемін және ауыл шаруашылығы дақылдарын таңдауды ескерген жөн,** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент азық-түлік өнімдерін өндірумен айналысатын шаруалар мен кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді талап ететін экономикалық конъюнктураны өзгертуге жедел назар аудару қажеттігін айтты.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне инфрақұрылым тұрғысынан қолдау көрсету ісі (ауылда жұмыс орнын ашу, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру) арнайы мәселе ретінде қарастырылды.

Бұл ретте құқық қорғау органдарына ауыл шаруашылығы мақсатына арналған субсидиялар мен жерлерді бөлу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын жалғастыру тапсырылды.

Мемлекет басшысы жиын соңында Үкімет пен уәкілетті органдарға азық-түлік тәуелсіздігін нығайту, азық-түліктің экономикалық тұрғыда қолжетімді болуын арттыру және отандық агроөнеркәсіп кешенінің өлеуетін анағұрлым толық іске асыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

akorda.kz

## ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ МОЛ



**2023 жылдың қазан айының 9 күні аудандық мәдениет үйінде «Қарты бар елдің қазынасы мол» атты мәдениет саласының ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. Сараға адамгершілікпен қарапайымдылықты бойына сіңіре білген, мәдениет саласының өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардақты ардагерлеріміз шақырылды.**

Елар Сырымбет ауылының «Асыл әжелер» ансамблінің жетекшісі, Халықтық «Мұрагер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің домбырашысы, Сырымбет ауылдық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарған, ардақты әже Топанбаева-Ашимова Күлдания Нұрбекқызы, Сырымбет ауылдық мәдениет үйінің әдіскері қызметін атқарған, мәдениет саласында көп жылдар еңбек еткен, ардақты әже Бектұрғанова Мария Кизатқызы, Халықтық «Мұрагер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің домбырашысы, Ақын Сара ауылдық мәдениет үйінің әдіскері қызметін атқарған, Ақын Сара ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Акимжанов Ержан Нұрмұханбетұлы, мәдениет саласында 35 жыл еңбек еткен, аудандық «Зори Семире-

чья» ансамблінің баянисі, Алдабергенов ауылдық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарған Шахворостов Александр Михайлович, Қазақстан Республикасы Президентінің «Астана-20 жыл» мерекелік медалінің иегері, Халықтық «Мұрагер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің дауылпазшысы, Қоңыр ауылдық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарған, әуесқой-композитор, «Қоңыржай» ардагерлер ансамблінің жетекшісі Күдербаев Қанат Кенжеханұлы, Көкжазық ауылдық мәдениет үйінің әдіскері қызметін атқарған, тоқыма қолөнер шебері, ардақты ана Кемелбаева Салтанат Кожебекқызы.

Шарада қарттарымызға арналып дестүрлі әндерден ән-шашу тарту етілді. Аудандық мәдениет үйі тарапынан сый-құрмет көрсетіліп, мерекелік дастархан жайылды. Мақтан тұтар ардагерлеріміздің игі шарамызға қатысуының өзі, елеулі еңбектерінің нәтижесі деп білеміз. Қарттарымызға құрмет көрсету, олардың жарқын істерін келешек ұрпаққа үлгі ету, біздің азаматтық борышымыз деп білеміз.

**Ардақ ШАЙМЕРДЕНҚЫЗЫ,**  
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ



**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 23 қыркүйек пен 8 қазан аралығында Қытайда өткен XIX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдады.**

Мемлекет басшысы спортшыларды жүлделерімен құттықтады. Сондай-ақ жуырда Ризабек Айтмұхан еркін күрестен қазақтан шыққан тұңғыш өлем чемпионы атанғанын еске салды.

Бәсеке өте жоғары болған Азида ойындарында ел құрамасы 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль иеленді. Атлеттеріміз нысана көздеу, ескек есу, веложарыс, джиу-джитсу спортынан үздік шықты. Мемлекет басшысы қаратөмен жалпы командалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, осы спорт түрінен Азидаға қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетуіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Осы орайда Мемлекет басшысы спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті.

– Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азида ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күресі дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына жүлде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында болатынын айтты. Жыл сайын спортты дамыту үшін қомақты қаржы бөлінеді. Алайда, Президенттің пікірінше, өліміздің кәсіби спорттағы көрсеткіштері аса жоғары деңгейде емес. – Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдануға тиіс нақты шараларға тоқталды. Президенттің айтуынша, ең алдымен, кәсіби спорт түрлеріне бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлген жөн. Өңірлердің ерекшеліктеріне сәйкес нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізгі жұмыс тәжірибесін тоқтату қажет. Сонымен қатар бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қараған дұрыс.

Президент спорт саласын басқару сапасын жақсартуды келесі басымдық ретінде атап өтті.

– Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті (ҰОК) және федерациялар арасында үйлесім жоқ. Спортты басқару институттарының қызметі мен өзара ықпалдастығына қатысты бүкіл жүйені қысқа мерзімде қайта қарау қажет. ҰОК-нің қызметін жетілдіру ісіне де назар аудару керек. Туризм және спорт министрлігі, ҰОК және федерациялардың жұмысын үйлестіруді

түбегейлі жолға қою керек. Тиімді байланыстың ықпалдастықтың және өзара жәрдемдесудің болмауы жақсы нәтижеге жеткізбейді, яғни, жеңіліске әкел соқтырады. Париж Олимпиадасы қарсаңында мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын спорт федерацияларының қызметіне ревизия жасау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент ұлттық құраманың дайындық деңгейін арттыру мәселесін негізгі міндеттің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысының пікірінше, атлеттеріміздің жоғары деңгейде дайындалуы үшін спорт медицинасы мен фармакология бағытындағы заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау маңызды. Бұл жерде Ұлттық спорт университеті негізгі рөл атқарады. Сондықтан оның құрылысын жылдамдату керек. Спорт саласында әлемдік деңгейдегі төрешілерді дайындауға күш салу қажет. Сондай-ақ жаттықтырушылар мен басқа да спорт мамандарының жалақысын көтеріп, қосымша әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаған жөн.

Мемлекет басшысы спортшылардың резервін даярлау мәселесіне арнайы тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты.

– Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің көз келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортта әділеттілік қағидаты мен бәсекеңіз шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар жиында 2023 жылғы XIX жазғы Азия ойындарының стэнд атудан екі дүркін жеңімпазы және қола жүлдегері Әсем Орынбай, каноэ және байдарка есуден XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы және күміс жүлдегері Сергей Емельянов, еркін күрестен өлем чемпионы Ризабек Айтмұхан, қаратөмен XIX жазғы Азия ойындарының жеңімпазы Нұрқанат Әжіқанов, нысана көздеу спортынан ұлттық құраманың бас бапкері Ольга Довгун сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында өткен жарыстардағы олқылықтардан нақты сабақ алып, алдағы Париж Олимпиадасына тыңғылықты дайындалуға шақырды. Президент спортшыларға және бапкерлер қорлусының жұмысына табыс тіледі. Содан кейін спортшыларға Қазақстан Республикасы Президентінің алғыстары табыстанды.

akorda.kz

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ОТАНДАСТАР» ФОРУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ



**Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды «Отандастар» форумының ашылуымен құттықтады.**

– Бұл – халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып

шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетті мекен етсе де, қазақтың бір ғана тарихи Отаны бар, ол – Қазақстан. Сондықтан біз шетелде тұратын бауырларымызды қолдауға қашанда баса мән береміз. Олардың Атажұртқа қоныс аударуына барлық жағдай жасалған. Қазақстан азаматтығын және қандас мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» картасы енгізілді. Басқа да маңызды жұмыстар атқарылуда. Қандастармен қарым-қатынасты дамыта түсуге бағытталған осындай шаралар жалғаса берсін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға әлемнің әр түркірінен арнайы келген қандастарымыз бен мәртебелі меймандарға алғыс айтып, аталған басқосуда алыстағы ағайынмен байланысты нығайтуға септігін тигізетін сәлиқалы ой, салмақты пікірлер айтуына сенім білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына зор денсаулық, бақ-береке тіледі.

akorda.kz

# ТІЛ - ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ



2023 жылғы 5 қазанында Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында «Тіл - татулық тірегі» атты облыстық фестиваль өтті. 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай тіл айлығы жарияланған болатын. Тіл айлығында Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы бірқатар іс-шаралар өткізді. Тіл фестивалі – сол шаралардың қорытындысы.

Фестивальге Облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдерінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасарлары, тілге жауапты бөлім басшылары мен мамандары, білім, мәдениет және руханият саласының қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Фестивальде өңірімізде тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаның сапалы орындалуына және мемлекеттік тілді насихаттауға үлес қосып жүрген сала үздіктері

мен этнос өкілдері марапатталды. «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының қызметкерлері Мөлдір Қуандық Жетісу облысы әкімінің орынбасары Р. Әлидің, Қойчибеков Олжас «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалы төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталды. Аудандық аурухананың белді қызметкерлерінің бірі, медбике Сорокина Татьяна Геннадьевна ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатын алды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнінде, яғни 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні дүниеге келіп, быылғы оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге тіл басқармасы атынан сый-сияпаттар берілді. Республикалық жыр бәйгелерінде топ жарып жүрген жас ақындар Қазыбек Жеңісхан мен Шынарбек Тұрсынның айтысы жиын көркін қыздырып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді, шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

А. НҰРБЕК,  
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығының  
Ескелді аудандық филиалының меңгерушісі

# БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕШІЛІ



Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы 2023 жылдың басынан осы уақытқа дейін барлығы 171 бұқаралық іс-шаралар өткізілді. Бұл шараға 11006 адам белсене араласты. Оның ішінде облыстық – 9 іс-шара 1330 адам, аудандық- 29 іс-шара 3681 адам, ауылдық-133 іс-шара 5995 адам қатысты.

Ауданымызда бұдан бөлек халықаралық, республикалық жарыстар да өтіп тұрады. Атап айтсақ халықаралық паралаңердан (дәлме-дәл қону) Әлем, Азия чемпионаты 12-18 маусым күндері аралығында өтті. Аталған жарысқа 27 мемлекеттен 100-ден аса спортшылар қатысты. Жастар арасында Құсбегіліктен Қазақстан Республикасының чемпионаты 9-12 ші ақпан күндері аралығында өтіп, 70-ке жуық құсбегілер өз өнерін көрсетті.

Аталған іс-шараға ауданымыздың тұрғындары белсене қатысып, қолдау білдіруде.

Г.ОМАРОВА  
Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі

# ҚАЗАҚСТАН ӨЗІН НАН ЖӘНЕ ҰН ӨНІМДЕРІМЕН ТОЛЫҚТАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде биылғы жиналған өгіннің көлемі және ауа райының қолайсыздығына байланысты шығынға ұшыраған отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін қолдау шаралары туралы айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тауар өндірушілерді қолдау мақсатында астықты кептіру үшін 62,5 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, қаржы институттары айыппұл санкцияларын қолданбай несиелер мен қарыздарды өтеу мерзімін ұзартуды жүзеге асырып отыр, АӨК субсидиялауға қосымша қаражат бөлу және «Азық-түлік корпорациясының» астықты тікелей сатып алу мәселелері пысықталып жатыр», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта Жамбыл облысының шаруаларына өтемақы төлеу жұмыстары жүргізілуде. Естеріңізге сала кетейік, өңірде су тапшылығына байланысты жергілікті ауқымдағы ТЖ режимі жарияланған болатын. Бөлінген қаражат көлемі 3,7 млрд теңгені құрады.

Ішкі нарықта бидай бағасын тұрақтандыру және «сұр импортты» болдырмау мақсатында аумағына теміржол және авто көлігімен астық әкелуде тыйым салу мерзімі 2024 жылдың 11 сәуіріне дейін ұзартылды. Аталған шектеу шаралары лицензияланған элеваторларға, астық өңдеу және құс шаруашылығы кәсіпорындарына, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы бидайды транзиттік тасымалдауға қатысты қолданылмайды. Сонымен қатар астықты өз қажеттіліктеріне пайдаланатын отандық өндірушілерге де шектеу болмайды.

«Биыл жиналатын астықтың көлемі елімізді нанмен және ұнмен толық қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатынын атап өткім келеді», — деді Тамара Дүйсенова.

Сонымен қатар ол Үкімет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытында кешенді жұмыс атқарып жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, көкөністер құнының өсуіне жол бермеу үшін форвардтық сатып алу жүргізілді және маусымаралық кезеңде тауар интервенциясы қолданылды.

Премьер-Министрдің орынбасары еліміздің барлық аймағында тұрақтандыру қорлары бар екенін еске алды. Олардың әрқайсысы үшін қажетті азық-түлік көлемі бойынша индикативтер әзірленген. Әлеуметтік маңызы бар тауарларға үстемақы 15%-дан аспауы үшін сауда нысандарымен және өнім өндірушілермен 11,5 мыңға жуық келісімшарт жасалды. Сонымен қатар белгіленген талаптар қалай сақталып жатқаны да жіті тексеріледі.

«Делдалдық схемаларды тексеретін өңірлік комиссиялар жыл басынан бері сауда мөлшерлемесінің жоғарғы шегін бұзу бойынша 696 факт анықтады. 814 делдалдық тізбекке талдау жасап, 146 заң бұзушылықты анықтады. Үкімет қабылдаған шаралардың нәтижесінде 4 айдан астам уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының индексі біртіндеп төмендеп келеді», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Сондай-ақ ол инфляцияның төмендеуінде қатысты оң үрдіс бар екенін айтты. Алдын ала жасалған болжам бойынша, биыл оның көрсеткіші былтырғыдан едәуір төмен болады деп күтіліп отыр.

primeminister.kz

# ЕЛІМІЗДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ 12 МЫҢ ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова Мәжілістің жалпы отырысында халықты жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі шаралар туралы айтты.

Ол жастар санатына жататын тұлғалардың жас мөлшері 35-ке дейін ұлғайтылғанын еске салды. Бұл 6 млн-ға жуық азаматтың мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде жұмыспен қамту бөлігін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

«Ағымдағы жылы 20 өңірде жұмыспен қамту жоспары іске асырылуда. Оларда алғаш рет аймақтардың өңірлік еңбек нарығының ерекшелігі ескеріліп, тиісінше мемлекеттік қолдау шаралары сараланды. 1 қазандағы жағдай бойынша 715 мыңнан астам адам жаңа, бос және мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына орналастырылды, оның жартысы – жастар», — деді вице-премьер.

Тамара Дүйсенованың айтуынша, Үкімет жүзеге асырып отырған инвестициялық жобалардың орны ерекше. Мәселен, биыл жалпы сомасы 273 миллиард теңгеден асатын қаржыға 64 жоба жүзеге асырыла бастады. Соның арқасында 12 мыңнан аса жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

«Жалпы, Үкімет өнеркәсіптің түрлі салаларында сапалы және тұрақты жұмыс орындары ашу үшін алдағы жылдары осындай 800 инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр», — деді Тамара Дүйсенова.

Ол Үкіметте шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту жөнінде кешенді бағдарлама әзірленіп жатқанын атап өтті. «Бүгінде «таза парақтан реттеу» қағидатын байқап көрдік. Бір жарым жыл ішінде 44 сала бойынша 128 мың талап сарапталды. Оның 9 мыңы жаңа реттеуші саясаттың шарттарына сәйкес келмейді», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Оның айтуынша, таяу арада кәсіпкерлер үшін салық органдары алдында есеп беру үрдісі едәуір жеңілдейді. Мәселен, көрсеткіштері нөлге тең болса, құзырлы органдарға есеп беруді міндеттемеу жоспарланып отыр. Осы арқылы кәсіп иесінің шоты бұғатталмайтын болады. Салық органдарына берілетін есептілік 30%-ға қысқармақ. Жоспарлы тексерулер де азаяды.

«Мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру ісі қолға алынды. Бұл қадам бизнесті жоспарлы түрде тексеруді 2 есе азайтуға мүмкіндік береді», — деп түйіндеді сөзін Тамара Дүйсенова.

primeminister.kz

# ТҰМАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫ ЖҰҚПАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ



старды, шырындар және т.б. сияқты сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішу керек. Дене қызуы 38-38,5°C жоғары болған жағдайда, дене қызуын түсіретін дәрі – дәрмектер қолданылады. Парацетамол басқа дәрілерге қарағанда қауіпсіз болғандықтан, оны ішкен дұрыс. Дене қызуы төмен болса, жағдайыңызға байланысты оны дәрілермен түсірудің қажеті жоқ. Өйткені, қызба – адам ағзасының қорғану-бейімделу реакциясы.

Аурудың алдын алу үшін не істеу керек?

Жыл сайын ауруханаларда тұрғылықты мекен-жайы бойынша «қауіп-қатер» топқа жататын адамдарға (жиі ауыратын балалар, медициналық қызметкерлер, жүкті әйелдер және т.б.) тұмауға қарсы тегін екпе жасалынады. Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы жаппай вакцинация басталды. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиғалған орындарда болмауға, салтқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек. Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып алсаңыз тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді. Қысқы уақыт кезінде тамақтың құрамына жуаны, сарымсақты, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді, ашытылған қырыққабат пен полидәруменді препараттарды қосқан жөн.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,  
Ескелді аудандық  
СЭББ басшысы

Тұмау - тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Жіті респираторлық вирусты жұқпалар тобының құрамына кіреді (ЖРВЖ). Ауруды жұқтыру үшін науқаспен байланысу міндетті емес. Дүкен, қоғамдық көлік, аурухана кабинеттері сияқты жерлерде ауру адамның сізге дейін болғаны жеткілікті. Сөйлеу, түшкіру, жөтелу кезіндегі науқас адамнан бөлінген қоздырғыштар сау адамның тыныс алу жолдарына түсіп, инфекциялануға ұшырайды. Вирустар өте үлкен жылдамдықта жайылады. 39-40°C дейін дене қызуының тез арада көтерілуі, қатты бас ауруы, бет - әлпетінің қызаруы, мұрын бітелу сияқты сипаттар бұл жұқпаға сай.

Екінші-үшінші тәулікте мұрын бітеледі. Асқынбаған күйдегі жоғарғы дене қызуы 5 күнге дейін созылады. Басқа қоздырғыштар әсерінен кеңінен таратылған аурулар жұтқыншақ зардапталуына келесі сипаттамалар сәйкес келеді: мұрын бітелу, жөтел,

тамақ қышу, әдетте, 38°C дейін дене қызуы көтеріледі, бірақ тұмауға қарағанда ұзағырақ созылады.

Сырқаттанып қалған жағдайда не істеуіміз керек?

Ең алдымен дәрігердің кеңесін алған дұрыс. Егер де науқас ауыр жағдайда болса немесе жүректің ишемиялық ауруы, гипертония және т.б. созылмалы аурулары болған жағдайда ауруханаға жатқызу мүмкін. Ауруханаға тұмауратып барудың қажеті жоқ. Дәрігерді үйге шақырту керек.

Егер де науқас үйде ем алып жатса, отбасы мүшелерін тұмаумен жұқтыру жөнінде ескерту шараларын қолдану керек. Белмені жинағаннан кейін, міндетті түрде желдетіңіз. Үй жағдайларында емделген науқас жоғарғы дене қызуы кезінде, міндетті түрде төсек тартып жату тәртібін сақтау керек. Бұл шаралар ауру асқынып кетпеуі үшін қажет.

Интоксикацияның төмендеуі үшін науқас шай, жылы сүт, мор-

# ЗЕМЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ В ПРИОРИТЕТЕ



как воздух». Президент отметил, что в Казахстане немало землевладельцев, которые получили от государства бесплатное право аренды на землю, но держат участки бесхозными.

О решении законодательно закрепить запрет Касым-Жомарт Токаев заявил в феврале 2021 года, выступая на V заседании Национального совета общественного доверия.

В каждом из своих выступлений Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что особое внимание следует уделять сельскому хозяйству. Президент открыто говорит, что упущения и промедления в этом ключевом приоритете новой экономической политике недопустимы.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в феврале 2023 года провел встречу с представителями аграрного бизнеса и поручил провести тщательный анализ состояния дел в сельском хозяйстве. Президент отметил, что есть позитивные сдвиги в укреплении продовольственной безопасности и это прежде всего заслуга тружеников села. Вместе с тем в сельском хозяйстве существуют ряд проблемных вопросов, которые необходимо решать.

«Земельный вопрос» прозвучал в первом Послании народу Казахстана Касым-Жомарта Токаева 2 сентября 2019 года. Выступая перед согражданами, глава государства заявил: «Наша земля не будет продаваться иностранцам, этого мы не допустим, по этому вопросу надо прекратить домыслы». Президент также отметил, что «правительство должно в полной мере задействовать в экономический оборот сельскохозяйственные земли», а привлечение инвестиций в аграрный сектор, по мнению Президента, «необходимо

2021 года, выступая на V заседании Национального совета общественного доверия. «Земельный вопрос всегда был очень важным для нашего народа. Это прочный фундамент и священный символ нашей государственности. Я неоднократно говорил, что казахстанская земля не может быть продана иностранцам. Слухи об этой проблеме нужно прекратить. Я решил, что это нужно сделать срочной законодательной инициативой президента. Поручаю законодательно запретить продажу, аренду сельхозземель иностранцам и иностранным юридическим лицам. Администрации президента следует разработать соответствующий законопроект», – сказал Токаев.

В целом принятие данного закона стало очередным свидетельством эффективности концепции «слышащего государства», показывая результативность конструктивного общественного и общенационального диалога, которые выступают одними из центральных элементов политического курса президента Токаева.

Таким образом, закон о земле, подписанный президентом Токаевым, – это один из шагов по проведению земельной реформы, нацеленной на повышение экономического благосостояния Казахстана.

Б. ТУКИБАЕВ,  
глава крестьянского хозяйства

# 5 000 ДЕТЕЙ РОДИЛОСЬ В РАМКАХ ПРОГРАММЫ «АҢСАҒАН СӘБИ» ЗА СЧЕТ ФИНАНСИРОВАНИЯ ОСМС



Каждая шестая пара в Казахстане мечтает о ребенке. По данным Министерства здравоохранения РК, сейчас на учете состоит 15 тысяч супружеских пар с диагнозом бесплодия. С начала реализации программы «Аңсаған сәби» услуги ЭКО получили 20 тысяч женщин. Эти процедуры финансируются за счет ОСМС. В Фонде социального медицинского страхования ответили, кто и как может получить направление на ЭКО, где пройти данную программу и в каком случае нельзя делать ЭКО.

Кто может участвовать в программе? Программа ЭКО предназначена для пациентов с бесплодием, при котором лечение терапевтическим путем не дало результатов. Участвовать в ней могут казахстанские семейные пары, репродуктивный возраст которых составляет от 18 до 42 лет, как указано в Правилах и условиях проведения вспомогательных репродуктивных методов и технологий. Проходить процедуру ЭКО по ОСМС бесплатно можно один раз в год. В

случае неудачной попытки можно снова встать в очередь следующего года.

Где найти список клиник, проводящих ЭКО по ОСМС?

В настоящее время в рамках системы обязательного социального медицинского страхования работают 19 клиник ЭКО по стране (1 государственная и 18 частных). Ежегодно квоты распределяются по регионам. Лидируют в этом списке города Астана, Алматы и Шымкент. В частности, в 7 клиник Алматы, работающих в рамках ОСМС, проведено порядка 2 тыс. процедур искусственного оплодотворения.

Выбрав клинику пациенты могут, посетив официальный сайт Фонда fms.kz, где необходимо зайти на вкладку «Для пациента». Далее нужно перейти в раздел «Выбрать клинику» и выбрать «Перечень медицинских организаций, оказывающих услуги ЭКО». В сканном файле можно найти список клиник, их адреса и телефоны.

Как получить направление на ЭКО? Данная процедура проводится в рамках ОСМС бесплатно. Соответственно, для участия в программе нужно быть застрахованным.

Сначала пара, которая мечтает о пополнении, должна обратиться за консультацией к репродуктологу. Направление к нему выдает гинеколог в своей поликлинике. После необходимых обследований, при соответствии показаний пациентов для проведения ЭКО, они собирают документы и проходят врачебно-консультативную комиссию. При положительном решении комиссии пара становится в очередь. Как известно, с 2021 года в рамках

ОСМС ежегодно выделяется финансирование на 7 000 программ/процедур ЭКО. По информации, предоставленной Фондом социального медицинского страхования, по итогам I полугодия 2023 года проведено более 4 тыс. услуг экстракорпорального оплодотворения на сумму около 5 млрд тенге.

По данным МЗ РК, с начала реализации программы «Аңсаған сәби» родилось долгожданных 5 000 детей.

Сколько средств тратится на одного человека при ЭКО в ОСМС?

В рамках программы на одного человека за счет ОСМС выделяется в среднем 1 млн тенге. По словам репродуктологов, из них 600 тысяч тенге идут на гормональные препараты для стимуляции. Еще 200-300 тысяч тенге покрывают расходные материалы. Действительно, программа, стоимость которой иногда превышает 1 млн тенге, не по карману каждой семье. К тому же, есть семьи, неоднократно прибегающие к методу ЭКО. Теперь же эти расходы за них несет Фонд в рамках ОСМС.

В каких случаях могут отказать в ЭКО?

Врачи обращают внимание на несколько моментов при изучении репродуктивного здоровья женщин. Это врожденные или приобретенные патологии матки, соматические и психические расстройства, опухоли яичников, острое воспаление и онкология любой локализации. При наличии таких факторов экстракорпоральное оплодотворение не проводится.

Филиал по области  
Жетісу НАО «Фонд  
обязательного социального  
медицинского страхования»

# ТҰМАУ-ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

Тұмау және басқа да жіті респираторлық вирусты жұқпалардың алдын алу.

Тұмау - тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Жіті респираторлық вирусты жұқпалар тобының құрамына кіреді (ЖРВЖ). Ауруды жұқтыру үшін науқаспен байланысу міндетті емес. Дүкен, қоғамдық көлік, аурухана кабинеттері сияқты жерлерде ауру адамның сізге дейін болғаны жеткілікті. Сөйлеу, түшкіру, жөтелу кезіндегі науқас адамнан бөлінген қоздырғыштар сау адамның тыныс алу жолдарына түсіп, инфекциялануға ұшырайды. Вирустар өте үлкен жылдамдықта жайылады. 39-40°C дейін дене қызуының тез арада көтерілуі, қатты бас ауруы, бет - әлпетінің қызаруы, мұрын бітелу сияқты сипаттар бұл жұқпаға сай.

Екінші-үшінші тәулікте мұрын бітеледі. Асқынбаған күйдегі жоғарғы дене қызуы 5 күнге дейін созылады. Басқа қоздырғыштар әсерінен кеңінен таратылған аурулар жұтқыншақ зардапталуына келесі сипаттамалар сәйкес келеді: мұрын бітелу, жөтел, тамақ қышу, әдетте, 38°C дейін дене қызуы көтеріледі, бірақ тұмауға қарағанда ұзағырақ созылады.

Сырқаттанып қалған жағдайда не істеуіміз керек?

Ең алдымен дәрігердің кеңесін алған дұрыс. Егер де науқас ауыр жағдайда болса немесе жүректің ишемиялық ауруы, гипертония және т.б. созылмалы аурулары болған жағдайда ауруханаға жатқызу мүмкін. Ауруханаға тұмауратып барудың қажеті жоқ. Дәрігерді үйге шақырту керек.

Егер де науқас үйде ем алып жатса, отбасы мүшелерін тұмаумен жұқтыру жөнінде ескерту шараларын қолдану керек. Белмені жинағаннан кейін, міндетті түрде желдетіңіз. Үй жағдайларында емделген науқас

жоғары дене қызуы кезінде, міндетті түрде төсек тартып жату тәртібін сақтау керек. Бұл шаралар ауру асқынып кетпеуі үшін қажет.

Интоксикацияның төмендеуі үшін науқас шай, жылы сүт, морстарды, шырындар және т.б. сияқты сұйықтықты жеткілікті мөлшерде ішу керек. Дене қызуы 38-38,5°C жоғары болған жағдайда, дене қызуын түсіретін дәрі – дәрмектер қолданылады. Парацетамол басқа дәрілерге қарағанда қауіпсіз болғандықтан, оны ішкен дұрыс. Дене қызуы төмен болса, жағдайыңызға байланысты оны дәрілермен түсірудің қажеті жоқ. Өйткені, қызба – адам ағзасының қорғану-бейімделу реакциясы.

Аурудың алдын алу үшін не істеу керек?

Жыл сайын ауруханаларда тұрғылықты мекен-жайы бойынша «қауіп-қатер» топқа жататын адамдарға (жиі ауыратын балалар, медициналық қызметкерлер, жүкті әйелдер және т.б.) тұмауға қарсы тегін екпе жасалынады. Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы жаппай вакцинация басталды. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиғалған орындарда болмауға, салтқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек. Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып алсаңыз тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді. Қысқы уақыт кезінде тамақтың құрамына жуаны, сарымсақты, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді, ашытылған қырыққабат пен полидәруменді препараттарды қосқан жөн.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,  
Ескелді аудандық  
СЭББ басшысы

# СПОРТ БАҚЫТҚА БАСТАР ЖОЛ



**Жаңа оқу жылы ұстаздар қауымы үшін үлкен мереке. Қазан айының бірінші аптасы ұлық қызмет елері мұғалімдеріміздің кәсіби мерекесі. Мереке қарсаңында еліміздегі әрбір мектептер мен оқу орындарында іс-шаралар өтіп, шәкірттері ардақты ұстаздарын құттықтап жатады.**

Біздің мектеп Сіздерді келе жатқан мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық пен шығармашылық табыс тілейміз. Құттықтай отырып өз мектебіміздің, яғни ақын, жазушы Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектебінде спорт саласындағы жетістіктерімізбен бөліскіміз келіп отыр.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін біреміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата — бабаларымыз «тәні саудың — жаны сау» — деп берекер айтпаған. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының басты міндеті — оқушылардың ой өрісін дамыту, сабақ үлгеріміне қажетті жағдай тудыру, денсаулығын сақтап, денесін шынықтыру. Ол үшін мектептегі барлық жұмыстар балалардың жасына лайық, организмдерінің ерекшеліктеріне сай жасалады.

«Шынықсаң шымыр боларсың» демекші спорт адам серігі қанша жаста болса да, қандай спортқа қатысса да жас бол, кәрі бол, жағдайың бар болсын, жоқ болсын тапшынып отырған адам үшін мүлдем

кедергі емес. Кезіндегі ата-бабаларымыз, ата, апаларымыз әртүрлі спорт түрлеріне қатысып, қазақ елін әлемге танытқан. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отансүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Осы орайда өзіміздің мектебіміз Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектебі спорт бойынша дәрежесі өте жоғары деңгейде деп айта аламыз. Мектебіміз ерқашанда көптеген іс-шараларға қатысып, жүлделі орындар алуға қатысып, алдыңғы қатарлардың бірінде деп ауыз толтыра айтуға болады.

Дене шынықтыру пәні ұстаздардың оқушыларға берген білімдерінің үлесі өте үлкен. Білімалушыларға спорт денсаулық кепілі екендігін

саналарына сіңіріп, спорт саласына қызықтырып, қанаттарының астына алып, «Волейбол», «Баскетбол», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат» үйірмелерінде ұстаздардың шындығымен өнерлерін көрсетіп жүр. Оқушыларымыз мектепішілік, аудандық, облыстық орындарға ие болып, мақтау қағаздармен марапатталып, кубок иегерлері атануда. Мысалы, аудан бойынша волейболдан 1 орын иеленіп, облысқа шығып, намысшыл жігіттеріміз де I, III орындарды иеленіп, облысқа жолдама алды. Облыста да 3 орынды иеленді. Президенттік сынақтан да, тоғызқұмалақтан да жүлделі орындарға ие болды.

Биылғы жылы Егінбайқызы Құралай Түркістан облысында Шардара қаласында қыздар арасындағы өткен «Шардара кубогы» атты II халықаралық турниріне қатысып, жүлделі I орынды иеленді.

Ұстаз — ұлағатты есім. «Ұстаздан шәкірт озар», «Ұяда не көрсен, ұшқанада соны ілерсің» дегендей енегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Мектебімізде осындай намысшыл өрендеріміздің көп болғанына қуанамыз. Шәкірттеріміз алдағы уақыттарда үлкен асуларды еңсеріп, жүлдегер атануына кәміл сенеміз.

Дене тәрбиесінің қағидаттарын сақтау арқылы болашақ ұрпағымызды дені сау, жаны сау азамат тәрбиелейміз.

**Зауре ЕРЖАНОВА, Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**

«Шынықсаң шымыр боларсың» демекші спорт адам серігі қанша жаста болса да, қандай спортқа қатысса да жас бол, кәрі бол, жағдайың бар болсын, жоқ болсын тапшынып отырған адам үшін мүлдем



керек. Тұлға құзиреттілігін дамыту үшін жаңа инновациялық әдіс — тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

«Баланың бақыты жақсы ұстаздың қолында», — демекші ғылым мен техниканың жедел дамыған заманында әр баланың ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адами қабілетін, талантын дамытумен қатар оларды қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етуге үйрету, бағыттау мақсатында еңбек етіп келе жатқан ұстаздарымыз көп. Балпық би атындағы орта мектебінің ұстаздары осы актуальды мәселемен әр сабақта жұмыс істеуде. Әр ұстаз өз шәкіртінің білімді ғана емес, ұлттық тәрбиемен сусындауына да көп көмек көрсететін тәрбиеші. Ұжым ұстаздары, қазіргі заман мұғалімінің басты мақсаты — белсенді, шығармашылық тұрғыда дамыған, шешім қабылдай алатын, өз кәсібіне дұрыс таңдау жасайтын және өмір бойы білім алуға дайын, ізденімпаз шәкірт тәрбиелегендер. Оған мысал ретінде 2022-2023 оқу жылындағы оқушыларының жоғарғы көрсеткіштерін атап өтуге болады. Мысалы: оқу сауаттылығынан- 14, математикалық сауаттылықтан-12 орта балдық көрсеткішті көрсетті.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұов: «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», — деген.

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану — ұстаз міндеті. Олай болса қоғам — жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, өзін жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұрпақ тәрбиелеу ұстаз бен ата-ана қолында.

# ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ- ЗАМАН ТАЛАБЫ



**«Сабақ беру — үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер» Жүсіпбек Аймауытов**

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету.

Қазіргі жаһандану заманында өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушының әлеуметтік мәдени, саяси өмір мен экономикалық дамуға белсенді араласуына, сонымен қатар өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор — функционалдық сауаттылық болып табылады.

Білім берудің алғашқы сатысы қарапайым сауаттылықтан басталып, әрмен қарай күрделеніп, дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білім мен біліктілік, яғни жиі қолданылатын іс - әрекет түрлерінің өзара байланысуымен қатар бір-бірімен үндестігі, біртұтас әдістемелік жүйені қалыптастыру. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс.

Функционалдық сауаттылықтың ең бірінші мақсаты — оқушылар алған білімдерін өмірде тиімді қолдана білуге үйрену.

Сондықтан да баланың функционалдық сауаттылығын дамытуда, пәндік білім беруде оқушылардың өмірінде алған білімдерін орнымен жүзеге асыра алатын сауатты тұлға болып өсуіне бағыттау, бағыттағар беретін бүгінгі жаңа форматтағы мұғалімдер.

Ендеше қазіргі заман мұғалімі — рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан өсейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға, себебі ол білімді, шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты.

Олай болса, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабақта кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыру

керек. Тұлға құзиреттілігін дамыту үшін жаңа инновациялық әдіс — тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

«Баланың бақыты жақсы ұстаздың қолында», — демекші ғылым мен техниканың жедел дамыған заманында әр баланың ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адами қабілетін, талантын дамытумен қатар оларды қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етуге үйрету, бағыттау мақсатында еңбек етіп келе жатқан ұстаздарымыз көп. Балпық би атындағы орта мектебінің ұстаздары осы актуальды мәселемен әр сабақта жұмыс істеуде. Әр ұстаз өз шәкіртінің білімді ғана емес, ұлттық тәрбиемен сусындауына да көп көмек көрсететін тәрбиеші. Ұжым ұстаздары, қазіргі заман мұғалімінің басты мақсаты — белсенді, шығармашылық тұрғыда дамыған, шешім қабылдай алатын, өз кәсібіне дұрыс таңдау жасайтын және өмір бойы білім алуға дайын, ізденімпаз шәкірт тәрбиелегендер. Оған мысал ретінде 2022-2023 оқу жылындағы оқушыларының жоғарғы көрсеткіштерін атап өтуге болады. Мысалы: оқу сауаттылығынан- 14, математикалық сауаттылықтан-12 орта балдық көрсеткішті көрсетті.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұов: «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», — деген.

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану — ұстаз міндеті. Олай болса қоғам — жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, өзін жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұрпақ тәрбиелеу ұстаз бен ата-ана қолында.

**З. ҚОЖАКЕЕВА, Балпық би атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

# ТҮЛЕКТЕР – МЕКТЕП МАҚТАНЫШЫ



**Грек ойшылы Протагор: «Барлық заттың өлшемі — адам» деген екен. Адамзаттық тұрғыда, мемлекеттік деңгейде қарастырсақ та адам — басты құндылық, елдің негізгі қуаты.**

Қоғамға сапалы, саналы адам ұсыну — ата-ана мен ұстазға ортақ жауапкершілік. Отбасы мен мектептен алған тәрбиесі мен білімін бойына сіңірген жас — елінің сенімді ертені. Жыл сайын еліміздегі әрбір білім ордасы он бір жыл баптаған қарлығаштарын алтын ұясынан ұшырады. Бүгінде мектеп бітіруші жас үшін ҰБТ — жарқын болашаққа бастайтын көпірдің бірі. Оқушы, мектеп, ата-ана үштігінің еңбегі осы сәтте сынға түсетіні анық.

Мектептің оқу жоспарына сай пән мұғалімдері мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға жүйелі түрде дайындады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында қосымша сабақтар

өткізіліп, тиімді әдіс-тәсілдермен қатар bilimland, darun.online электронды білім беру платформалары қолданылды.

2022-2023 оқу жылы Қоңыр орта мектебі үшін жемісті де жеңісті жыл болды. Себебі мектептен ұшқан түлектердің үшеуі: Берліқожа Алуа, Оразбай Ақнұр, Смағұл Санжар «Алтын белгі» төсбелгісін ақтап шықса, бітірушілердің ҰБТ-дағы ортақ баллы 78-ді құрады, бұл — өткен жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткіш. Бітірушілердің 90 %-ы жоғары оқу орнына мемлекеттік грантпен оқуға түсіп, мектеп мерейін өсірді.

Ата-ана мен ұстаздың ынтымақтастығы — кемел елдің тұтқасы саналатын жастың мызғымас іргетасы.

**Индира МУХАМЕДЖАНОВА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қоңыр орта мектебі**

# КҮНДЕЛІКТІҢ ЖАҚСЫ ЖАҚТАРЫ



**«Болашақта ұлттың табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады» деп цифрлық технология күннен күнге дамып келуде. Ыбырай Алтынсарин атамыздың «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызды» дегендей, «Цифрлы Қазақстан» жобасы қолға алынды. «Цифрлы Қазақстан» жобасының аясында еліміздің барлық мектептерінде «Күнделік кз» білім беру порталы іске қосылды.**

Күнделік кз қазіргі кезде Қазақстан бойынша барлық мектептер біріңғай білім беру интернет порталына ауысты.

Сол себепті барлық мектептер осы интернет порталы бойынша жұмыс жасайды. Бұл білім беру бағдарламасы мұғалім-оқушы-ата-анаға тиімді болып отыр.

Дербес компьютерлер мен ұялы телефон арқылы күнделік кз жүйесіне мұғалімдер мен

оқушылар ата аналар үшін тегін. Ешбір кедергісіз мобильді қосымша ұсынылған.

Оқушылар мен ата аналарға арналған мобилді қосымшаның екі нұсқасы бар: Олар Lite (тегін) және PRO (жазылу бойынша рәсімделеді). PRO нұсқасы бойынша мобилді құрылғыдан жүйеге браузер арқылы кіріп, ақпаратты тегін көруге болады.

Lite-нұсқасында үй тапсырмаларын орындау кестесі мен прогресін тегін бақылауға, маңызды жұмыстар туралы ескертулер мен мектептің жаңа бағалары мен хабарландырулары туралы жылдам хабарламалар алуға болады. Электронды күнделікті сайтқа бетпе-бет, өз телефоныңызға көшіруге мүмкіндік береді. Kundelik.kz кез келген оқу кезіндегі үлгерім, жұмыстың пәні мен түрі, орташа балл және аптадағы өзгерістер туралы толық ақпарат, ғылым саласы бойынша топтатырылған әр түрлі пәндер бойынша өз прогресін көруге болатын есептер және үй тапсырмалары бар. Сонымен қатар, тоқсандық бағаларды көруге болады. Биылғы оқу жылында алған баллдарды бонусқа ауыстыруға мүмкіндік берілді. Бұл оқушыларға үлкен мотивация.

Оқушылар оқуға ынасы артып, ата аналар да өз тарапынан мектеп өмірінен хабардар болады. Күнделік кз жүйесі әрбір мұғалімді қағазбастылықтан құтылып, электронды жүйеге ауыстырған. Атап айтсақ, оқушылардың оқу үлгерімі жайлы табель, бөлім бойынша жиынтық бағалаумен тоқсандық жиынтық бағалаулары нақты пайыздық көрсеткішпен есептеліп шығарып алуға мүмкіндік берілген.

**А.Т.САРСЕНБАЕВА, Олег Кошевой атындағы негізгі орта мектебі Директордың оқу-ісінің меңгерушісі**

# МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҚ ДАРА ЖОЛЫ



Мұғалім әрбір оқушының қабілетіне қарай білім бере отырып, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, бәсекеге қабілетті, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыра білуі тиіс. Осы орайда Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы мектебіміз және аудандық Рүстембеков атындағы орта мектеп, Жастар НОМ екі серіктес мектептерді топтастыру мақсатында құрылған. Үйлестірушінің ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылы басында үш мектеп бірігіп желілік қоғамдастықтың жоспарын құрды. Жоспарды бірігіп, келісіп жасағандықтан барлық педагогтердің қажеттіліктерін арттыруға бағытталып, сапалы әдістемелік қолдау, озат тәжірибені тарату мақсаты қамтылды.

Менің ойымша, дұрыс құрастырылған жоспар бүкіл қоғамдастықтың жетістікке жетуі болып табылады. Қадамдары анық, күтілетін нәтижесі айғақ жоспарға жеткіші мектеп белсенділіктері толығымен қамтылып, үлкен мобилді топ жұмысы көрініс табу болды.

Бұл жұмыстың бірі болып өңірімізде деңгейлік мұғалімдермен мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Қ.Р. Еңбек сіңірген мұғалімі Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойлану» технологиясын педагогтің тәжірибесіне еңгізу, кәсіби құзыреттілігін арттыру, іс тәжірибесін жетілдіру мақсатында семинар өткізілді.

Семинар тақырыбы: «Қ.О. Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағлымы». Желілік қоғамдастық бойынша мектеп әдіскері: Толымбекова Венера Бердыевна «Қ.О. Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен педагогикалық тағлымы» жобасы және атқарылып жатқан іс шаралар туралы таныстырып өтті. Бітібаеваның «Ой тастау, ойлану» технологиясын педагогтің тәжірибесіне еңгізу, кәсіби құзыреттілігін арттыру, іс тәжірибесін жетілдіру» сабағы бойынша Сағымбаева К.К.

Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романының идеясына сай кейіпкерлер бейнесі» атты ашық сабақ өткізді; Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау және шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұнда туындылармен салыстыра оты-

рып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай білуге және тест сұрақтарына жауап берілді.

Талдаңыз. «Кездейсоқ айналым» ойыны 1. «Ұлпан» романының жазылу тарихы Шығарманың тақырыбы мен басты идеясы

2. Кейіпкердің іс-әрекеті. Микро-мінездеме. Шығармадан үзінді келтіру. Салыстыру барысына: Эпизодтағы бейнелерді салыстыру, бағалау. XX ғасырда жазылған ана, әйел бейнесі көрінетін шығармалар мен «Ұлпан» романы салыстырыңыз. М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Ұлпан ана мен Ұлпан бейнелерінің ерекшеліктері мен ортақ қасиетін салыстыру.

Бағалау жөнінде: «Ұлпан бейнесінің өміршеңдігін қалай бағалар едіңіз?» Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағала.

«Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...» О.Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» ашық сабақ Ченемесова Ұ.Т. көрсетті.

Мақсаты: әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазуды кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға береді.

Талдаңыз «Кейіпкер сұлбасы» әдісі Шығармадан эпизод беріледі, сол эпизодтан көркемдегіш құралдарды табымыз. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазуды. «Зымыран сұрақтар» әдісі арқылы бекіту сұрақтары:

Шығармашылық жұмыс: Абай Құнанбайұлының он тоғызыншы қара сөзін тыңдап, астарлы ойды анықтау. Қара сөз мазмұны бойынша бала жасөспірім кезеңінде не істеуге міндетті екенін айқындап, «Мен түрткен бір ой» тақырыбында өз ойын жазу. Жай сөйлемдерді айтулы мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлем). Суреттерде берілген заңдардың қазақ қоғамындағы маңызы туралы ой бөліседі.

Осыған орай мектебімізде, «Білім сапасын арттыруда сабақты

зерттеудің маңызы» семинары өткізілді.

Мақсаты: Желілік қауымдастықтағы мектептерге сабақты зерттеу мен іс әрекетті зерттеу үдерісін теориялық және практикалық түрінде көрсету, іс тәжірибе алмасу. Семинар «Сабақты зерттеу», «Іс әрекетті зерттеу туралы теориялық тұрғыдан Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің сабақты зерттеу тобын жетекшісі: Икласбаева А.А., бастауыш сынып мұғалімі Қасымова С.С. таныстырылым жасады. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы үш мектеп ұстаздары «Сабақты зерттеу», «Іс әрекетті зерттеу» арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын толық ажыратты. Бастауыш сынып мұғалімі Қукузова Ж.А. «Іс әрекетті зерттеу» сабағын көрсетті, физика пәні мұғалімі Әділханова М.А. «Сабақты зерттеу» сабағын көрсетті. Ұстаздар сабақтардың аяғында зерттеу топтарының сабақтан кейінгі талқылауын тыңдап, ой бөлісті. «Майерс отбасы» әдісі арқылы мектеп әдіскері Толымбекова В.Б. зерттеу жұмыстарының оқушыларға білім беру процесіндегі пайдасы туралы ашты. Жоспарға сәйкес онлайн семинар өткізілді. «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы».

Мақсаты: командалық курс есебі, желілік қауымдастықта командалық жұмыс негіздеріне үйрету, тренд әдіс тәсілдерді жоғары деңгейде көрсете білді.

Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектепте 2023 жылы жоспарға сәйкес «Жас маман-болашақ кепілі» атты аудандық семинар өтті. Серіктес мектептерден жас мамандар қатысып ашық сабақ көрсетті. Т.Рүстембеков атындағы ОМ биология пәні мұғалімі Қожакенова Е.А «Гүлді құрылысы», химия пәні мұғалімі Қуатбекова А.М. «Ғажайып эксперименттер, лайфхак», Жастар ОМ тарих пәні мұғалімі М.Б. «Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы» атты ашық сабақтар өткізілді. жалпы қатысқан серіктес мұғалімдермен кері байланыс берілді.

Нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби дамуына бағыт бағдар беру де желілік қоғамдастықты құру арқылы ой бөлісу, тәжірибе алмасу, білім мен білімділікті дамыту, ортақ шешімге келу, ортақ жұмысты жоспарлау, қиындықтан шығу жолдарын бірлесе отырып қарастыру, талқылау, талдау ақпарат бөлісуге болатынын аңғарған жақын мектептердің ұстаздары мектептер арасындағы ынтымақтастықты дамытып, игі істерді жалғастырамыз деп ниеттерін білдірді.

«Жаяудың шаңы шықпаса, жаяудың үні шықпай» демекші, кәсіби қауымдастықта бірлескен мұғалімдер күші талай белестерді бағындыратындығына сенімдімін.

Ұшқын ТАБЫСБЕКҚЫЗЫ, Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы ОМ КММ Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі:

## Білім саласындағы Жастар мектебінің бағындырған биігі



Бүгінгі біз өмір сүріп отырған адамзат қоғамы - тек қана сағат тілімен бірге жанаруды талап ететін, жаһандану мен жаңару арқылы өмір сүрген ортамызды да түбегейлі өзгертетін, бәсекеге қабілетті, білімділердің шоғырланған ортасы. XXI ғасыр - адамзаттық бірлестікті, әр алуан озық идеялар мен жаңа технологиялардың әріптестікпен ауыс-күйіс жасайтын, «Адамның баласы» деген дана Абай философиясына көтеріле алатын, ынтымақтастықта өмір сүруге дайын ұлттық және жаһандану алаңына өмір -еркін самғап шығып, өзіндік дербестігімен білім қуаты арқылы ерекшеленетін, үздіксіз өзгерісті, құн сайын жанаруды талап ететін XXI ғасыр. ХХІ ғасырдың кемел келбеті, келешек өмірдің жарқын мақтанышы, елдің сенімі-бүгінгі тарихы боп мектеп табалдырығын аттайтын жас ұрпақ. Ендеше, мектеп қабырғасындағы білім алушыларымыздың ХХІ ғасырда табысты болуы үшін білім мен білім беру үрдісінде бәсекеlestікке

қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді жаңару қажетті болып табылды. Жаңа заман мұғалімі мен білім алушылар арасында күнделікті қарым-қатынас, әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көтеруді шығармашыл, сыни шешім қабылдай алуын қажет етіп отыр. Осындай қажеттілікті қанағаттандыру үшін мектебімізде ұстаздар жаңашыл ұстазы болуы үшін ұжымдық бірлесе жаңару қадамын бастап та кетті. Арине, әр жаңашыл ұстаз өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, үдерістегі өзгерістің алдында бой көрсете алатын, икемді, жанарылған бағдарламаны жетік меңгерген, шығармашыл болуы керек. Бұл бүгінгі әлемдік кеңістіктегі білім алу үдерісіндегі үздіксіз жаңару қажеттілігі.

Осы қажеттілікті қанағаттандыру - ұжымдық бірлестік пен бірлескен әріптестіктің нәтижесі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Үстегі жылы мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларының жеткен жетістіктері осы бір тәжірибе мен еңбектің қазанында бірге қайнап, ауыз толтырып айтарлықтай нәтиженің төрінен көрінді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағындағы білім алушылардың қабілеттерін одан әрі шыңдау үшін пән мұғалімі Спанжан Сәулебектің жетекшілігімен мектебімізде құрылған «Жастар театр» үйірмесі екі жылда өз жемісін берді. Бастапқы да арнайы күнтізбеде белгіленген мерейтойларында көрермен назарына ұсынылған сахналық көріністеріміз ауданымызда бірінен соң бірі жүлделі орындарға ие болып жатты. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы туралы сахналық көрініс және Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұлы тұлғаларды сахнада сомдаған «Жастар театр» үйірмесі облыстық Әбіш Кекілбаев байқауында «Сахналық қойылым» номинациясында өз бағын сыңға салды. 2023 жылы облыстан жүлделі ІІІ орынды иеленді. Дәл осы Әбіш Кекілбаевтың «Иллюстрациялық сурет» байқауында театрларымыздың өздік суретшісі Медетбекова Шахинұр І орынды иеленді.

2023 жылы аудандық «Болашақтың кілті-өнерлі

ұрпақ» көркемөнерпаздар байқауында қолөнер бұйымдарының көрмесінде Жунисова Салтанат Мухитовна жүлделі ІІ орын иесі атанды. Жетекшісі Жунисова Салтанат Мухитовнаның шәкірттері де өнерімен ерекше қабілеттерін өйгіледі. 6 сынып оқушысы Төлешова Аружан «Әлем балалардың көзімен», «бақытты балалық шақ» тақырыбындағы аудандық сурет байқауында «Жас суретші» номинациясын иеленді. 9 сынып оқушысы Тойшыбекова Сабина «Боялар құпиясы» атты Республикалық шығармашылық байқаудың «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. 8 сынып оқушысы Жунисова Диас «Боялар құпиясы» атты Республикалық шығармашылық байқаудың «Қол өнер» номинациясы бойынша ІІІ дәрежелі дипломының жеңімпазы атанды. Мектебіміздің психолог маманы Демкебаева Гүлнұр Сарсембекова І халықаралық психологтар форумының сертификатын иеленді. Ұжымдағы әр ұстаздың төккен тері мен бірлескен қолдауының арқасында мектебіміздің жетістіктері жыл сайын еселенуде. Үздіксіз білім алуды дағдыға айналдырған әріптестер бірілестіріп озық тәжірибе мен жаңа үдерісті өз мектебіндегі оқу мен оқытуға енгізіп отырады. Біліктілігін жетілдіріп келген ұстаздар ауданымыздағы жаңашыл озық тәжірибелі өзге мектептің ұстаздарымен ашық есік күнін ұстанды. Тірек мектептермен тығыз байланыс орнатқан. Қай елде болсын, қай тілде болсын, қоғамның өсіп-өркендеуі сол бірлестіктегі ұлттың ғаламдық дүниеде өзіндік өшпес орын алуы ұлттық білім жүйесінің даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлтыңыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі білім мен тәрбие беру - біздің яғни мұғалімдердің алдында тұрған үлкен жауапкершілік.

Гүлнұр САРСЕМБЕКОВНА, Жастар негізгі орта мектебі Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

## ҰСТАЗ АТЫ - БИІК, ӘРІ МӘҢГІЛІК



Қазіргі таңда мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Мұғалімнің сабақтағы қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, өз талабына сай орындалып отыруы тиіс. «Оқушының жетістігі - мұғалімнің жетістігі, ал мұғалімнің жетістігі жаңа әдіс - тәсілдерді тиімді қолдануында». «Ұстаздық - ұлы іс» деп кемеңгер жазушымыз М. Әуезов айтқандай, бұған лайық болу - үлкен абырой, басты борышы деп есептеймін. Мұғалім - мамандық болса, ұстаздық қасиет, табиғат дарытқан құдірет. Бойыңа қуат, жүрегіңе жарық, жігеріңе беріп өрге сүйрейтін де, жаныңа азық, өміріңе өзек боп төрге сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет. Қазағымның, елім мен жерімнің және ана тілімнің мерейін есіретін ұстаздық ұлағатты істе адал болу – абыройлы іс. Осы орайда біздің Байысов атындағы орта мектебіміздің ұстаздары қабілетті, дарынды оқушыларды биіктен көрсету жолында

аянбай тер төгуде. 2022-2023 оқу жылында аудандық пән олимпиадасынан ағылшын тілі, орыс тілі, математика, дүниежүзі тарихы, химия пәндерінен жүлделі І орынды иеленсе, қазақ тілі, құдық пәндерінен ІІ-ІІІ жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар аудандық суретшілер байқауы Нұрланұлы Дастан ІІІ орынға, облыстық «Алтын тұғыр» олимпиадасынан бастауыш мұғалімдер арасынан математика пәні бойынша Ғ.Ахметова жүлделі ІІ орындар иеленді. Облыстық пән олимпиадаларынан химия, математика, дүниежүзі тарих пәндерінен І-ІІІ орындарға ие болды. «Дарын», «Зерде» ғылыми жобаларынан І, ІІ, ІІІ, орындарға ие болды. Ақыр-жазушылардың шығармаларын оқуда аудандық, облыстық байқауларынан оқушыларымыз І, ІІ орындарға ие болды. Аудандық бастауыш сыныптар арасында «Алтын сақа» олимпиадасынан бірнеше оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктер мектеп тәріп-хына өзіндік үлестерін қосады. Беріліп жатқан білімнің нәтижесі білім сапасының көрсеткіші. Ұлы данышпан Әл - Фараби: «Ұстаздар - құдды жұрт айтатын, тамшымен тас тесетін су сияқты» - деген. Осы сөзден - ақ ұстаздық жолдың жүгі ауыр екені айдан анық. Ендеше «ел келешегі - ұстаз қолында» - деген лепті тұжырымды баса айта отырып, өнімді шығармашылықты өрістету жолында өркеніет шынына ілгері басу мақсатында шебер ұстаздарымыздың саны жыл санап, арта бермек.

Шолпан ӨМІРКЕШҚЫЗЫ Байсов атындағы орта мектеп Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

## ҰСТАЗ - МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген дана халқымыздың нақыл сөзінде қаншама сыр жатыр. Заманның дамуы мен қоғамдық өзгерістерге қарай аса қажетті болып танылатын осы мамандықты таңдау - жүрегіне ерекше сезім ұялаған, адамгершілігінің арқауы мен адалдықтың алтын тәптерімен өрлген адамның бойынан жайлап табандылық. Өз ісін шынайы қастерлейтін жан ғана міндетін жоғары деңгейде атқармақ. Менің ойымша, жақсы маман болу үшін:

Өмір-теңіз, Онда жүзем деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңгіз,- деп шығыстың жарық жұлдызы Рудаки жырлағандай, ізгілік кемесіне мінген, мейірімнің туын көтерген жан болу керек.

Осы бір нақыл сөздің дәлелі Мичурин атындағы негізгі орта мектебінің ұстаздары дер едім. Ез мамандықтарының қыр-сырын жетік меңгерген, суығы мен ыстығына көне білген, білім беріп қана қоймай, тәрбиені де ұштастарып, бір өлем жасауда. Сабақтағы әдіс-тәсілдері мен шығармашылықпен айналысатын ұстаз өз мақсатына жете алары сөзсіз. Мектеп директоры, білікті басшы Жақаева Гаухар Жақсылықбайқызының жетекшілігімен мектеп ұстаздары оқу-тәрбие жұмысында биік белестерді бағындыруда. Мектепте көп жылдар бойы үздіксіз еңбек етіп, озық тәжірибені таратып, мектептің беделін көтеріп жүрген үздік ұстаздарымыздың қатарында педагог-зерттеушілер- қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі- Кизатаева Бизада Мухаметханқызы, математика пәнінің мұғалімі- Абилягазина Аскерхан Зейнелгабитұлы, орыс тілі пәнінің мұғалімі-Наурызбаева Раушан Тологеновнаның бар.

Білім беру саласы, бірінші кезекте, сапалы даярлығы бар оқытушылармен айқындалады. «Ел болашағы –білімді жастардың қолында» деген қағиданы ұстанатын ұстаздың бірі- Абилягазина А. З. Ұстаз жас мамандарға үнемі әдістемелік көмек көрсетіп, ақыл-кеңесін беруден жалыққан емес. Тәлімгер ретінде жас ұстаздарды «Педагогикалық дебют», «Жас мамандар» байқауларына дайындап, жүлдері орындарға ие болуда. Өзінің озық тәжірибесін «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және стандартты емес есептерді шығару жолдары» атты облыстық семинарда таратты. Оқушылары облыстық «Математикалық регата» командалық олимпиадасына қатысты. «Алтын сақа» олимпиадасында Адимсерік Ажжан 2- орын, аудандық пән олимпиадасынан-3- орын алды.

Наурызбаева Р.Т.- орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі-педагог-зерттеуші, өз ісінің шебері деп айтуға болады. Тәжірибелі маман аудандық, облыстық байқауларға «Үздік педидеялар фестивалі», «Үздік педагог» белсене қатысып, семинар, конференцияларда өзіндік озық тәжірибесімен, авторлық бағдарламасымен бөлісіп, тәжірибе таратып отырады. Оқушылары «Ақбота», пән олимпиадаларында жүлделі орындардан көрінді.

Сонымен қатар, мектептегі ағылшын тілі пәні мұғалімі- Савченко Зульфия Рифхатовнаың «Шетел тілі пәні мұғалімдерінің үздік портфолиосы-2022» сырттай байқауында 1-орын, шаңғы жарысында айелдер арасында Ескелді ауданының чемпионатында І орын алғанын

мақтанышпен атап өтеміз.

«Жас келсе-іске» дегендей мектептегі жас мамандар да өз тәжірибелерін жетілдіріп, семинар, конференция, түрлі байқаулардан тыс қалмайды. Атап айтқанда, Мұса Ерлан- физика пәні мұғалімі, аудандық «Педагогикалық дебют» байқауына қатысып, 1-орын иеленді. Кудеринов Самат Бейсембаевич-еңбек пәні мұғалімі, аудандық «Болашақтың кілті-өнерлі ұрпақ-2023» аудандық көркемөнерпаздар байқауында қолөнер бұйымдар көрмесінде жүлделі І орын иеленді. Бастауыш сынып мұғалімі Шириненко Татьяна жас болса да мектеп, аудандық іс-шаралардың барлығына белсене қатысып, аудандық іс-шаралардың жүргізушісі ретінде көптің көңілінен шығуда. Музыка пәнінің мұғалімі Батырбекова Гүлнұр Телеугажиевнаның ерекше еңбегін атап өтуге болады. Ұстаз мектеп оқушыларының ұлттық өнерге, домбыраға деген қызығушылығын оята білді. Оқушылары көркемөнерпаздар байқауымен қатар, аудандық, облыстық өнер байқауларына қатысып, жүлделі орындардан көрінуде. Адимсерік Ажжан –«Ақберен» байқауынан 2-орын алды. Облыстық аспапта ойнау байқауында Әбиділлі А мен Адимсерік А биіктен көрінді. Ұстаздық жетекшілігімен мектеп оқушыларының «Болашақтың кілті-өнерлі ұрпақ-2023» аудандық көркемөнерпаздар байқауында 2-орынды иеленді.

Ізденімпаз, жаңашыл ұстаздардың бірі- Құрманбек Роза Қожабекқызы Оқушылармен тез тіл табысып әрқайсысының көңілінен шыға білетін жас ұстаз шәкірттерін білім шыңына табандылықпен жетелей білуде. Оқушылары химия, биология пәнінен аудандық пән олимпиадасында жүлделі 2-орынды, ( Омаралина Ж) және 3-орынды (Әбиділлі.І) иеленіп, ұстаз мерейін арттырды. Жас ұстаз Калимолданова Айгерім Нұрбекқызының шәкірті Берлібек Ескелді аудандық пән олимпиадасынан 1-орынды иеленіп, облыстық кезеңіне белсене қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Азим Бақытгүлдің оқушылары жыл сайын аудандық М.Мақатаев, Ескелді оқуларынан жүлделі орындар көрінсе, Дауренбеков Р-қазақ тілінен пән олимпиадасынан -3- орынды иеленді. Мектептегі ұстаздардың ауыз толтырып айтарлықтай осындай жетістікке жетуі, оқушылардың биіктерден көрінуі- мектеп басшысы Гаухар Жақсылықбаевнаның ұйымдастырушылық, талап қою, нәтижесі бағытталған жұмысты жүргізе білуінің де нәтижесі. Осындай қахырлы еңбектің арқасында мектеп ұжымы жылдағы рейтинг бойынша үнемі жүлделі 1-2 -орындардан көрінуде.

Ұстаздық басты мақсаты- рухани бай, ізденімпаз, жауапкершілігі мен адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Ұстаз- киелі де, мақтан тұтарлық мамандық. Осы ұстаздардың жан дүниесі бір әлем. Ұстаз бала болмысына бағыт-бағдар беруші, өзгеріс енгізуші. Сондықтан білімді де, білікті шәкірттер тәрбиелеу- ұстаздарымыздың қолында екенін ұмытпайық!

Асем ОМИРЗАКОВНА Мичурин негізгі орта мектебі Бастауыш сынып мұғалімі

# МӘН БЕРГЕН ЖӨН!



Жеке аулалар мен шаруа қожалықтарында, басқадай құрылымдық бөлімшелерде бүгінгі таңда жете мән берілмей, келе жатқан шаралардың бірі жұқпалы инвазиялық аурулардың эпизоотиялық тізбесін жою болып табылады. Залалсыздандыру дегеніміз- адам мен жануарларға ортақ жұқпалы немесе жұқпалы емес ауру қоздырғыштарын жоюға бағытталған шаралар жүйесін атаймыз.

Залалсыздандыру түрлері  
Дезинфекция, Дезинсекция  
Дератизация

Дезинфекция – инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жою жөніндегі шаралар кешені;

Дезинсекция – жәндіктер мен басқа да буынаяқтыларды жою жөніндегі іс-шаралар кешені;

Дератизация – кеміргіштерді жою жөніндегі іс-шаралар кешені;

Барлық жұқпалы ауруларда қоздырғыштарының берілуі, жануарлардың ағзасынан шығарылудан басталады. Аурудың қоздырғыштары тарағаннан кейін қоршаған ортада болып, осы ортада бейімделу кезеңінен өтіп, ластап, сау малдың ағзасына өтеді.

Ауданда жиі кездесетін аурулардың қоздырғыштары, мысалы бруцеллез-жайылымдылығы ылғал топырық қабаттында - 3 ай, көнде - 50 күнге дейін, қарасан- көнде жарты жылдан астам уақыт, ал топырақта бірнеше жыл, пастереллез – топырақта және көнде сақталу мерзімі- 72 күнге дейін, ал залалсыздандырылмаған өлекседі -120 күнге дейін, сібір жарасы- топырақта және көнде – 100 жылдан астам уақыт бойы сақталады. эпизоотиялық тізбені жою үшін, Сіздер малды жазғы жайылымға шығарғаннан кейін немесе малды тұраққа қояр алдында 1-2 ай бұрын ашық алаңдар мен жабық қораларға механикалық тазалық жасап, ағымды жөндеу, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында (аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу) туралы жеке және заңды тұлғалардың міндеті ретінде көрсетілген.

Залалсыздандыру жұмыстары – 3 топқа бөлінеді:

**1. Механикалық- мал қораны, басқадай мал тұрған орындарды су шашып сыпырады, әк (известь) арқылы**

**мал қораның іші-сыртын ағарту жұмыстары, малдың тұрағының орнын, құрал-жабдықтарын тазартады.**

**2. Физикалық- ультракүлгін, радиациялық, лазерлік сәулелермен, ультрадыбыспен өңдейді, қайнату, өртеу, бұмен немесе ыстық ауамен өңдеу т.б. пайдалану арқылы атқарылады.**

**3. Химиялық- Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға тіркеуден өткен қышқылдар мен сілтілер, формалин, хлор, хлорлы өк, натрий хлориді, хлорамин, фенол препараттары, тотықтырғыштар, т.б. қолданылады.**

Залалсыздандыру жұмыстары Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 35-бабына сай, мал иесі қаражат есебінен жүргізіледі. Ал аулада, шаруа қожалығында, басқадай шаруашылық құрылымдарында қолайсыз ошақ белгіленген жағдайларда республикалық қор есебінен атқарылады. Залалсыздандыруда қолданылатын дәрілердің микроорганизмдерге әсер етуін, жануарларға улы емес болуын, суда тез еритініне жағымсыз иіс болмауын ескерген жөн.

Мал иелері тарапынан негізінен ағымды залалсыздандыру атқарылады. Оны атқару үшін жергілікті жердегі ветеринария мамандардың қызметіне жүгінген жөн. Ескелді аудандық ветеринариялық станциясында автокөлікке жабдықталған залалсыздандыру құралы бар. Оның қызметіне өтініш беру арқылы жүгінуге болады.


**Құрметті аудан тұрғындары!!!**

**Адам мен жануарға ортақ жұқпалы аурулардың, эпизоотиялық тізбесін залалсыздандыру жүргізу арқылы жою, инвазиялық аурулармен күресу баршамаңыздың міндетіміз болып табылады. Осы орайда малды күтіп баптау, ұстау ережелерін қатаң сақтаған жөн. Аудан аумағында жиі кездесіп отыратын инвазиялық аурулардың алдын-алу шаралары назарда болғаны жөн. Осындай шаралардың арқасында Сіздер бір жағынан ауданның ветеринариялық қызметіне жәрдем көрсетсеңіздер, екінші жағынан аулаларыңыздағы малдарыңыздың денінің саулығын қалыптастырып, олардан алынатын өнімнің мөлшерін, сапасын жақсартуға мүмкіншілік жасайсыздар.**

**Д.ТЫНЫСБАЕВ,  
ҚР АШМ ВБжҚК**

Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы

# О ЗАБОЛЕВАНИИ ТУЛЯРЕМИИ



**Туляремия – это инфекционная болезнь, которая характеризуется природной очаговостью, вызывает воспалительные процессы в месте проникновения возбудителей, регионарные лимфадениты, лихорадку и общую интоксикацию организма. Возбудитель туляремии способен долгое время сохраняться в неблагоприятных условиях, поэтому при отсутствии лечения болезнь склонна к затяжному течению и перерастанию в хроническую форму.**

В местах, где распространена туляремия, прививка обязательна для всего населения за исключением детей до 7 лет, лиц старше 55 лет и лиц, у которых имеются противопоказания к вакцине. Первая прививка является однократной, повторную вакцинацию проводят через каждые 5 лет. Что касается определения неблагоприятных регионов. К их числу относятся территории, на которых были зарегистрированы случаи инфицирования туляремией, или же местности, где туляремийные антигены регулярно выделяются из объектов внешней среды. В остальных случаях вакцинация населения касается только лиц, относящихся к группам риска.

В качестве основных источников туляремии выступают водные крысы, мыши, зайцы и прочие грызуны. Больные люди опасности не представляют, то есть, если у вас диагностирована туляремия, сим-

птомы заболевания должны волновать только вас. Членам вашей семьи, коллегам по работе и близким друзьям туляремия не угрожает. Подхватить туляремию можно в тех случаях, когда бактериям открывается доступ внутрь организма через царапины и другие повреждения кожи или слизистых оболочек. Еще один распространенный путь заражения – употребление воды, загрязненной грызунами.

Сразу после проникновения в тело человека, возбудитель туляремии начинает усиленно размножаться и, рано или поздно, бактерии разносятся по всем органам и системам. Оседают они преимущественно в лимфатических узлах, печени, селезенке и легких. Если начинается развиваться туляремия, симптомы обычно проявляются через 3-6 дней. У пациентов внезапно повышается температура, появляются боли в мышцах, тошнота, головная боль. Заметим, что температура нередко достигает критических отметок, поэтому при диагнозе туляремия лечение должно начинаться сразу после постановки правильного диагноза.

Наиболее распространенная форма инфекции – кожно-бубонная туляремия, которая развивается вследствие поражения кожного покрова. Симптомы туляремии:

- появление гноящихся язв в месте проникновения бактерий;
- постоянный зуд в области поврежденных кожных покровов;
- увеличение лимфатических узлов (могут достигать в диаметре 5-9 см);
- нагноение лимфатических узлов с последующим разрывом очага и выделением густого, сливкообразного гноя.

Формы туляремии:  
- глазоубонная туляремия – развивается вследствие проникновения возбудителей на конъюнктиву глаза;

- ангиозно-бубонная форма – обусловле-

на попаданием бактерий в рот человека. Признаки заболевания схожи с ангиной, но протекает оно гораздо тяжелее – с высокой температурой, сильной лихорадкой и значительным увеличением шейных лимфоузлов;

- абдоминальная туляремия – сопровождается болями в животе, тошнотой, рвотой, открытыми кишечными кровотечениями (появляются не у всех пациентов). В данном случае симптомы инфекции схожи с аппендицитом, что затрудняет постановку правильного диагноза;

- легочная форма туляремии – обусловлена попаданием возбудителей в легкие. Болезнь протекает тяжело, сопровождается сильными болями в груди. Если у пациента диагностирована легочная туляремия, прививка является обязательным этапом лечения, поскольку существует реальная возможность развития серьезных осложнений (абсцессов) и необратимых деформаций легких.

Лечение туляремии:  
Препаратами выбора при туляремии становятся антибиотики. Кожная форма туляремии не опасна для человека и может пройти сама, но специфическое лечение позволяет ускорить этот процесс, избавляет человека от созерцания некрасивых язвочек. Легочная форма вызывает куда более драматичные последствия и требует комплексного подхода с обязательным постоянным контролем за состоянием больного.

Профилактика туляремии заключается в плановой вакцинации населения. В группу риска попадают люди, проживающие в поймах рек, а также работники предприятий, специализирующихся на заготовке шкур ондатры, водяных крыс и зайцев.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,  
Руководитель УСЭК  
Ескельдинского района  
Д. БЕКТЕНОВ,  
Ведущий специалист**

# МӘМС ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН «АҢСАҒАН СӘБИ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 5 000 БАЛА ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ



**Елімізде әрбір алтыншы жұп сәби сүюді армандайды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, қазір 15 мың ерлі-зайыпты бедеулік диагнозымен есепте тұр. «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске қосылғалы бері 20 мың әйел жасанды ұрықтандыру қызметін алған. Бұл процедуралар МӘМС аясында қаржыландырылады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында ЭҚҰ-ға кімдер қатыса алады және оған жолдаманы қалай алады, қайда өтуге болады деген сынды сұрақтарға жауап берді.**

**Бағдарламаға кімдер қатыса алады?**

Бұл емшара терапиялық жолмен емдеу нәтиже бермейтін бедеулік диагнозы қойылған пациенттерге арналған. Оған қазақстандық отбасылық жұптар қатысады. Олар қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды жүргізу қағидалары мен шарттары белгілеген репродуктивті жас – 18-ден 42 жасқа дейінгі медициналық параметрлерге сәйкес келуі қажет. МӘМС бойынша ЭҚҰ процедурасынан жылына бір рет тегін өтуге болады. Талпынысы сәтсіз аяқталған жағдайда қайтадан кезекке тұра алады.

МӘМС аясында ЭҚҰ жасайтын клиникалардың тізімін

**қайдан көруге болады? Қазір елімізде 19 клиника (1 мемлекеттік және 18 жекеменшік) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде жұмыс істейді. Жыл сайын квоталар аймақтарға сәйкес бөлінеді. Астана, Алматы және Шымкент қалалары бұл тізімде көш бастап тұр. Атап айтар болсақ, МӘМС шеңберінде жұмыс істемін Алматы қаласындағы 7 клиникада 2 мыңға тарта жасанды ұрықтандыру әдісі жасалды.**

**Айта кету керек, пациент Қор сайтына кіріп, клиниканы өзі таңдай алады. Ол үшін fms.kz ресми сайтында «Пациент үшін», ары қарай «Клиниканы таңдау» батырмасын басып, «ЭҚҰ қызметтерін көрсететін медициналық ұйымдардың тізбесін» ашу керек. Ол жерде клиникалардың тізімі, мекенжайы және телефоны көрсетілген.**

**ЭҚҰ-ға жолдаманы қалай алады? Бұл процедура МӘМС аясында тегін жасалады. Соған сай, квота алғысы келетін пациенттің мәртебесі сақтандырылған болуы тиіс. Алдымен сәби сүйісі келетін жұп репродуктологтың кеңесіне бару керек. Оған жолдаманы өз емханасындағы гинеколог береді. Қажетті тексерілулерден соң, пациенттің ЭҚҰ жасауға көрсеткіштері сай келсе, құжаттарды жинап, дәрігерлік-консультациялық комиссиядан өтеді. Комиссия оң шешім шығарған жағдайда, жұп кезекке тұрады.**

**2021 жылдан бері жыл сайын 7 мың ЭҚО процедура МӘМС есебінен қаржыландырылады. Әлеуметтік медициналық**

**сақтандыру қорында берген ақпаратқа сүйенсек, осы жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша, 5 млрд жуық қаржыға 4 мыңнан астам экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі жасалды. ҚР ДСМ мәліметі бойынша, «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске асырыла бастағаннан бері «өзін аңсаған» 5000 нәресте дүниеге келді.**

**Жасанды жолмен ұрықтандыруға бір адамға қанша қаражат жұмсалады?**

**Бағдарлама аясында бір адамға МӘМС есебінен орта есеппен 1 млн теңге бөлінеді. Р е п р о д у к т о л о г т а р д ы ң айтуынша, оның 600 мың теңгесі стимуляциялауға арналған гормондық препараттарға жұмсалады. 200-300 мың теңге шығын материалдарын жабуға кетеді. Кейде құны 1 млн теңгеден асып жығылатын мұндай процедураны кез келген отбасының қалтасы көтермейтіні рас. Оған қоса ЭҚҰ әдісіне бірнеше мәрте жүгініп барып, сәбилі болғандар көп. Ал қазір бұған жұмсалатын шығынды Қор МӘМС есебінен төлейді.**

**Қандай жағдайда квота берілмеуі мүмкін?**

**Дәрігерлер әйелді медициналық тексеруден өткізгеннен кейін бірнеше мәселені ескереді. Олар жатырдың туа біткен немесе жүре біткен ауытқулары, соматикалық және психикалық бұзылулар, аналық без ісіктері, жедел қабыну және кез келген локализация онкологиясы сынды жағдайларда пациентке э к с т р а к о р п о р а л ь д ы ұрықтандыру жүргізілмейді.**

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**



# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра

қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе

мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қою туралы құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

-композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

-мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

-қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар. Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Асхат ЖАНАТҰЛЫ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Төкелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры**

# АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТТЕР



**Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері көліктердің техникалық ақауы және қозғалтқыш бөлігіндегі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады, сол себепті автокөлік жүргізушілеріне көліктегі электр сымдарына назар аудару маңызды екенін ескерген жөн. Көліктегі өртті болдырмауға және өрт туындауы қаупін төмендетуге болады.**

Ол үшін жүргізушілер автокөлікті уақытында техникалық тексеруден өткізуі және техникалық жай-күйін бақылап отыруы қажет. Ең алдымен әрбір автомобильде ақаусыз өрт сөндіргіш болуы керек. Қажет болған жағдайда, өрт ошағын барынша тез және қысқа мерзімде сөндіруге кірісу үшін, өрт сөндіргіш оңай қол жетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіш қозғалыс кезінде жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатпауы тиіс. Өрт сөндіргіштің жағдайын үнемі тексеріп тұрыңыз. Оның майысқан және ісінген жерлері болмауы керек. Баллон қызып кетпеуі керек, бүріккіш еркін қозғалуға, ал оның элементтері деформацияланбауға тиіс. Кез келген өрт сөндіргіштің жарамдылық

мерзімі төрт жылдан аспайды, пломбасы сақталуға тиіс. Осы қарапайым шарттардың кез келген бұзылуы құрылғыны ауыстыру үшін себеп болып табылады. Сонымен қатар, өрт сөндіргіштің автокөліктің ішінде орналасуы қажеттігін ұмытпау керек. Баллонды жүк салғышқа лақтыра салудың қажеті жоқ. Өрт сөндіргішті салонға бекітіңіз, алайда қауіп туындаған жағдайда оған оңай жету үшін, тым алысқа орналастырмаңыз. Өрт сөндіргішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты елемеге болмайды. Төтенше жағдайға дейін бірнеше минут бөліп пайдалану ережелерін оқу және есте сақтау керек. Жану белгілері – түтін, жалын немесе бір түрлі иістер байқалса, автомобильді дереу тоқтатып, электр тізбегін бұзыңыз. Денсаулығына және өміріне зиян келтірмеу үшін, барлық жолаушылар көлік құралын тастап кетуге тиіс. Олардың міндеті – айналадағы жүргізушілердің назарын аудару.

**Қ. ӘШИМОВ,**  
**Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты**

# ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С момента образования области Жетісу зарегистрировано 368 фактов интернет мошенничества, что составляет 425,7% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (13 841).

368 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-293, г.Төкелі-14, Аксу-2, Алакольский-5, Ескельдинский-11, Коксуский-5, Каратайский-16, Панфиловский – 14, Сарқан-4.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. Б. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладения им.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.
3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
5. Для установки приложений пользуйтесь только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
- 8.Чаще проверять движение денег на своих счетах.



**А.К. БАЛАБЕКОВ,**  
**Прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу**

# ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ МНОГОЭТАЖНЫХ ДОМОВ

Как собственникам квартир, так и руководителем жилищно-эксплуатационных организаций следует всегда помнить, что при несоблюдении, грубом нарушении требований пожарной безопасности многоквартирные, особенно высотные жилые здания, могут стать губительной ловушкой, заполненной ядовитым дымом. Большинство причин пожаров, условия быстрого распространения из квартиры в квартиру через балконы/поджи, установленные в ходе незаконных перепланировок перегородки, коробка вентиляции, связаны с нарушениями пожарной безопасности внутри жилых зданий. Если руководство, мастера жилищно-эксплуатационных организаций должны следить за состоянием нежилых помещений, противопожарных преград, инженерных сетей, входящих в фонд площадей общего пользования – от подъездов до чердаков, подвалов, включать договоры на проведение своевременного технического обслуживания систем сигнализации о пожаре, дымоудаления, внутреннего, наружного противопожарного водоснабжения; то собственники, арендаторы жилых, офисных, торговых помещений должны неукоснительно соблюдать правила пожарной безопасности.

**В подъезде многоквартирного дома ЗАПРЕЩАЕТСЯ:**  
хранить как горючие, так и негорючие материалы, вещества, ведь это загромождает пути эвакуации;  
устраивать в лифтовых холлах, на площадках лестниц, во круг неэксплуатируемых створов мусоропроводов кладовые, делать несанкционированную перепланировку внутри квартир, в местах общего пользования, в том числе устанавливая металлические решетки для ограничения доступа;

загромождать, заваривать люки аварийных путей, выходов на лоджиях высотных жилых зданий.  
использовать поврежденную электропроводку;  
оставлять без надзора бытовые нагревательные агрегаты, газовое отопительное оборудование;  
пользоваться для очистки загрязненной ЛВЖ, горючими жидкостями, так как это может привести к пожару;  
переоценивать свои силы и возможности;  
рисковать своей жизнью, спасая имущество;  
заниматься тушением огня, не вызвав предварительно пожарных;  
тушить водой электроприборы, находящиеся под напряжением;  
прятаться в шкафах, кладовых, забиваться в углы и т.п.  
**Правила поведения при пожаре:**  
- при обнаружении пожара или признаков горения (задымление, запаха гари, повышенной температуры) немедленно сообщить по телефонам 101, 112 в противопожарную службу;  
- при этом назвать адрес объекта, место возникновения пожара и сообщить свою фамилию;  
- в случае угрозы жизни людей немедленно организовать их спасение, используя для этого имеющиеся силы и средства;  
- до прибытия пожарного подразделения используется в тушение пожара имеющиеся первичные средства пожаротушения (вода, песок, снег, огнетушители, тканевые материалы смоченные водой);  
- удалите за пределы опасной зоны людей пожилого возраста, детей, инвалидов и больных.

**К. АШИМОВ,**  
**Старший инженер ОЧС Ескельдинского района**

# «ЭЛЕКТРОНДЫ КҮНДЕЛІКТІҢ» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ



**Жаһандық бәсекеге қабілетті ел болу үшін жылдан-жылға емес, күннен-күнге дамып жатқан адамзаттың өзі қалай дамуы керек? Қазір «көз көрмей, құлақ естімегеннің емес, айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызып, тастан сарай салғызатын» заманы.**

Сондықтан заманға сай білікті бола білуіміз абзал. Сондықтан әрбір тұлға сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек деп ойлаймын. Елімізде «Цифрлы Қазақстан» жобасы қолға алынды. Осы «Цифрлы Қазақстан» жобасының аясында еліміздің барлық мектептерінде Kundelik.kz

бағдарламасы іске қосылды. 2016 жылы жасалған Kundelik.kz жобасы 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

Бүгінде «Электронды күнделік» жүйесі мектебімізде қарқынды жұмыс жасауда. Журналдар мен күнделіктер жүйесін енгізуді қамтитын цифрлық технологияларды пайдалану арқылы білім беру процесін жетілдіру үшін бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Мектебімізде Kundelik.kz жобасын іске асыру нәтижесінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Баланың жетістіктері туралы қашықтықтан хабардар ету арқылы

ата-аналарға, оқушылар үшін де маңызы зор болып табылады. Бұл мұғалімдерге таптырмас құрал десек болады. Себебі ғаламтор озған заманда мұғалімдеріміз озық технологиямен жұмыс істеуі керек. Мектебіміз бағдарламаны толық меңгеріп, жұмыс жасауда. Бұл бағдарлама толыққанды белең алу үшін күшті қарқынмен жұмыс істейтін ғаламтор желісімен қамтылу тиіс деп ойлаймын. Kundelik.kz жобасы мұғалімдерге артылар күшті жеңілдетеді. Мысалы, тоқсандық баға шығарар кезде автоматты түрде қорытынды бағалар шығып тұрады. Әр баланың бағасы процент арқылы көрініп тұрады. Оны мұғалім де, ата-ана да, оқушының өзі де көріп отыра-

ды. Осы арқылы мұғалім ескертпей-ақ, оқушы өз үлгерімін жақсартуды өзі қолға алады. Бұның өзі мұғалім үшін көмек нәм қуаныш. Бағдарламаның мұғалім-оқушы, ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға тигізер үлесі өте зор. Бұл электрондық журнал арқылы мұғалімдердің тез бағалауға, ал қойылған бағаны ата-ана мен оқушының сол мезетте көруге мүмкіндігі бар. Ата-ана басқа қалада жүрсе де, кез келген уақытта мектепке келмей-ақ, өз баласының білім деңгейінің қандай екенін бақылап отыра алады. Осыған қарап уақыт жағынан тиімді екенін айтқанымыз жөн. Мұғалімдерді қағазбастылықтан «құтқару» да осы бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі болса керек. Уақыт жағынан, сапасы жағынан да қолайлы бағдарлама заман талабына сай цифрлы жүйеге көшіп жатқандықтан, мұғалім үшін де, оқушы мен ата-ана үшін де керек деп есептеймін.

Бүгінде оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында Kundelik.kz оқушылардың алған балына орай бонустар беруде. Атап айтар болсақ, 10 балл – 100 теңге, 9 балл – 90 теңге т.б. Жиналған бонустарды төлемге қолдануға болады. Бұл қосымшаның ерекшелігі оқушының оқуға деген ынтасын, белсенділігін арттырары анық.

**Қарақат МАНАП,  
Мелькомбинат негізгі орта мектебі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

**Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.**

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуге және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дәтпен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ**

## Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!



**Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!**

**Наш ИНДЕКС:**

**Физ.лицо - 65535      Юр.лицо - 15535**

**Сумма подписки:**

**Физ.лицо:**

**6 мес. - 2 284,80 тг      год - 4 569,60 тг**

**Юр.лицо:**

**6 мес. - 2 947,80 тг      год - 5 895,60 тг**

**ПОДПИШИСЬ НА НАС!**

**Подписчикам при публикации предоставляются скидки!**

**Наш электронный адрес:**

**eskeldi\_eli@mail.ru**

# ЖАҚСЫ АНА БОЙЫНДАҒЫ ОН-ҚАСИЕТ



**Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата — ана мен ұстаз. Болашақ десек те, келешек десе де бала — ұрпақ деген мағынаны білдіреді.**

Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы — дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» — демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата — ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата —




аналар іс — жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы — бала. Бала — дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы — ата — анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат — әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан — жақты дамуына ата — ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін — өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Мектеп партасында отырған баланың жан — жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі — ата-ана.

Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік бөлімшесінің» әлеуметтік қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың қазан айының 3 - күні Мүгедек жандарды қолдау мақсатында «Ана жүрегі» атты психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: Ата — аналарды әлеуметтік — психологиялық қолдау, көңіл-күйін көтеру, ашу-ызаны жеңу техникалары, ата-аналарды бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамытуға шақыру. Тренинг өткізу барысында «Жақсы ана бойындағы он-қасиет», «Мен баламды көзінен танымын», «Қызықты сұрақтар», «Ой мен ойын танымдық сайысы», «Ашу-ызаны жеңу техникалары» пайдаланылды. Тренингтің соңында ата-аналар жақсы әсер алып қайтты.

**М.МЫРЗАКУЛОВА**  
Бөлімше меңгерушісі



## “ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

**SHOP NOW**

- ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
- ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
- SPORT /ГИМНАСТИКА
- ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

**Меншік иесі:**  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор - бас редактор  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
Редакцияның телефоны 3-19-15

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**  
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1134 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ